

Аудандық бюджет қаражаты есебінен ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін және жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 304 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 маусымда № 9-12-192 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 ақпандағы № 22 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 05.02.2013 № 22 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 238-бабының 3-тармағына және "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 394-ө бұйрығына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған аудандық бюджет қаражаты есебінен ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін және жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Филиппов

КЕЛІСІЛДІ:

*Қ а р а б а л ы қ а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы*

_____ А. Тюлюбаев

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы 29 мамырдағы № 304

қаулысына қосымша

**Аудандық бюджет қаражаты есебінен ауылдық
(селолық) жерде жұмыс істейтін және жиырма бес
процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік
ставкаларға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім
беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
 - 1) үйде әлеуметтік көмек көрсетіту бөлімше меңгерушісі;
 - 2) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
 - 4) психолог;
 - 5) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары:
 - 1) білім беру ұйымдарының барлық мамандықтар мұғалімдері;
 - 2) мектеп, мектеп-интернат директоры (бастығы);
 - 3) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім берудің басқа да ұйымдары директорының ғылыми, оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары;
 - 4) әлеуметтік педагог;
 - 5) педагог-ұйымдастырушы;
 - 6) қосымша білім педагогы;
 - 7) педагог-психолог;
 - 8) әдіскер;
 - 9) музыкалық жетекші;
 - 10) аға вожатый;
 - 11) дене шынықтыру нұсқаушысы;
 - 12) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация меңгерушісі;
 - 13) лагерьдің (сауықтыру) бастығы;
 - 14) зертхана, кабинет меңгерушісі;
 - 15) өндірістік оқыту шебері;
 - 16) медициналық бике;
 - 17) емдәм бикесі;
 - 18) кітапханашы;
 - 19) кітапхана меңгерушісі;
 - 20) бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
 - 21) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
 - 22) логопед.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме басшысы;
 - 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
 - 3) кітапханашы, библиограф;
 - 4) барлық атаудағы суретші;
 - 5) дыбыс операторы;
 - 6) әдіскер;
 - 7) хореограф;
- 8) көркемдік жетекші.